

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті»
КеАҚ басқарма төрағасы - ректор
А.М.Наметов
«24» 12 2018 жыл






БӨЛІМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТӘРТІП САҚТАУ

СМЖ 07.БЕ.25

№ 07 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 20.12.2018ж Мусадиев Ж.Н. 	Келісілді: 22.12.2018ж Тағаев О.О.  Алмагамбетова М.  Ундаганов А. Г.  Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 24.12.2018ж СМЖ 07.БЕ.25 24.12.2018ж.орнына Қайта каралуы: 24.12.2018ж.
--	---	--

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы
3. Міндеттері
4. Сілтемелер

Өзгертулер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӨ	Қолы

1. Жалпы ережелер

1.1. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімі университет қызметкерлері мен білім алушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ашылған.

1.2. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімі университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті директорына бағынады.

1.3. Бөлім қызметін басшысы атқарады ол лауазымға басқарма - төрағасы ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

1.4. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің құрылымы және штаты бөлім басшысының ұсынуымен басқарма – төрағасы ректордың бұйрығымен бекітіледі.

1.5. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамаларын, университеттің ішкі нормативтік нұсқауларын және осы ережені басшылыққа алады.

2. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің құрылымы

2.1. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің құрамы:

- Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің басшысы - 1 бірлік
- Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің аға қызметкері – 1,5 бірлік
- қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметкерлері - 72 бірлік

2.2. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің басшысы қызметкерлері арасындағы міндеттерді бөледі, сондай-ақ олардың функционалдық міндеттерін бекітеді.

2.3. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен функциялары қызметкерлердің нұсқаулығымен анықталады.

3. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің міндеттері

БҚАТУ Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің негізгі міндеттері:

- университет білім алушылары мен қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Полиция департаменті, Төтенше жағдайлар департаменті және Батыс Қазақстан облысының басқа да органдарымен терроризмге қарсы мәселелері бойынша қарым қатынаста болу;

- Құқық қорғау органдарымен терроризмге қарсы күрес қызметімен бірігіп арнайы семинарлар мен оқытулар ұйымдастыру;

Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімі төмендегі жұмыстарды жүзеге асырады:

3.1. Ғимараттарға құжатпен кіргізуді, қауіпсіздікті бақылауды қамтамасыз етеді;

- Университет нысандарын қорғау режимін қамтамасыз етеді, бақылау-тексеру посттарды ұйымдастырады.

- 3.2. Өртүрлі қауіпті жағдайлар туындағанда әрекет жасау сұрақтары бойынша білім алушылар, профессор-оқытушылар және қызметкерлер құрамымен арнайы тренингтер өткізеді;
- 3.3. Университет нысандарында білім алушылар мен қызметкерлер тарапынан қауіпсіздік және тәртіп сақтау бойынша құқық бұзушылық тіркелген кезде қызметтік тергеулер жүргізеді;
- 3.4. Қауіпсіздік және тәртіп сақтау мақсатында құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен байланыс орнатады;
- 3.5. Есептік құжаттаманы, аналитикалық анықтамаларды және қызмет нәтижелері туралы есептерді дайындайды.

4. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 жыл. № 414;
ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 жыл. № 410-V;
ҚР «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 13.07.1999 жыл. № 416-I;
«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;
СМЖ 08. ҚЕ.06. Университеттің ішкі тәртіп ережесі;
ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттары;
Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.